ТҰЛҒАЛАРҒА ТАҒЗЫМ



Суретшілер Есік қаласындағы көпқабатты үйлердің қабырғасына ұлы тұлғаларға арнап мурал салды. Жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың, мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың бейнелері алыстан асқақтап тұр. Бұл игі іс Еңбекшіқазақ ауданының әкімі Әлібек Жақанбаевтың бастамасымен жүзеге асқан.





Болат МӘЖИТ

Аталған суреттер қаладағы 2-ші және 3-ші ықшамаудандағы үйлердің қабырғасына салынған. Онда ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері жазылған. «Ең бірінші бақытым – халқым менің, соған берем ойымның алтын кенін», «Шешен кісі сөз бастар, адал кісі ел бастар», «Өмірдің екі тірегі бар. Үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау». Бұл өсиеттер жас ұрпақтың санасына сәуле түсіріп, олардың еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімін оятатыны анық.

Мурал салуды алматылық суретші Александр Романов қолға алды. Ол өткен жылы Үшарал қаласында Абай Құнанбаевты бейнелеп, Қабанбай батырға да осындай құрмет көрсеткен болатын.

Суретшілер мурал жұмысын бір айдың ішінде толық аяқтады. Оған 60 келіге жуық бояу жұмсалыпты. Бұған сол ықшамаудандарда тұратын қалалықтар дән риза.

«Үйіміздің қабырғасында қазақтың біртуар перзенттерінің бейнесі тұрғаны қандай керемет! Енді балаларымыз күн сайын аталарына қарап, олардың асыл сөздерін көңілге тоқитын болады» – дейді үй тұрғындары.

Еңбекшіқазақ ауданы

ІЛТИПАТ



Таза ауаң көкірегімді кернеген,
Самал желің көңілімді тербеген.
Қарап тұрсаң көркіне көз тоймайтын,
Неткен сұлу өлкем едің сен деген, – демекші, осы сұлу өлкеге, яғни Қаскелең қаласына 1981 жылы арман қуып келіп, осындағы Қаскелең мәдени-ағарту училищесіне оқуға тапсырдық. Ол кездегі емтихандар ерекше еді. Арнайы билет алып, тік тұрып жауап беретінбіз. Ерекше дайындықты қажет ететін осынау күрделі де жауапты сынақтардан сүрінбей өткен бір топжас аталған оқу орнының студенті атандық. Содан бері ауыз толтырып айтатындай 40 жыл уақыт өтіпті.

ҰСТАЗ – ҰЛАҒАТТЫ ЕСІМ

«Қандай ұстаздардан білім алдым?», «Бұл оқу орны маған не берді?», «Мен алған білімім бойынша не бердім?». Осы бағытта ой қозғағым келеді. Ол уақытта училищенің директоры Аққүміс Жайтуғанова екен. Әлі есімде, жаңадан оқуға түскен студенттермен бас қосқан алғашқы отырысты училищенің директоры Аққүміс апайымыз ашты. Оқу орнының тыныс-тіршілігімен, сан-алуан берілетін мамандық жайлы түсіндірді. Тазалық пен тәртіп мәселесіне ерекше тоқтады. Аққүміс апайдың мағыналы да мәнді сөздері әлі құлағымнан кетпейді. Өте білімді де білікті басшы екендігі ерекше көрініп тұрды. Расында, Аққүміс апайдың айтқан сөзін істеген ісімен көрсете білетіндігіне көзіміз жетті. Біз үшін күні бүгінге дейін үлкен сабақ болды. Бір-екі мысал келтіре кетейін.

Жатақхананың жағдайы ерекше жақсы болды. Студенттердің бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында теледидар, шахмат-шашки, үстел теннисі, әдеби кітап оқитын зал, жеке аспаптармен дайындалу үшін бөлмелердің болуы ерекше жасалған, іші-сырты гүлге оранып тұратын. Жатақхана комендланты Клара Саниязқызы болатын. Демалыс күндері де ешқайда кеткіміз келмейтін. Өйткені, барлық жағдай жасалған. Асханадағы ас мәзірі де өте сапалы болатын. Шәкіртақы есебінен үш уақытта да талонмен ыстық тамақ ішетінбіз. Тамақ жасауға уақыт кетпейді, әуре болмайтынбыз. Осылайша студенттік өміріміз еш алаңсыз өтті. Осы оқу орнынан сапалы білім алдық, саналы тәртіпті үйрендік.

Не бердім дегендегі айтарым – Мәдениет үйінде жұмыс істегенде, интернат меңгерушісі болып қызмет атқарғанда ұстаздық жолда алған білімімнің пайдасы көп тиді. Оның дәлелі – өзіңнен тәлім-тәрбие алып, білім нәрімен сусындаған шәкірттердің биіктен көрінуі.

Біздің топ жетекшіміз Нұрхан Нұрғалиқызы өте сауатты, ұйымдастыру қабілеті жоғары, қаталдығы болғанымен анамыздай еді. Өз арамыздан бағыт-бағдар беріп, тығыз байланыста шаралар ұйымдастырып, шебер жетекшілік еткен старостамыз Бейсен Сатиев ағамыз да кеңінен ойлайтын, топтың негізгі ұйытқысы болды. Оқу орнын «өте жақсы» деген бағамен бітіруімізге үлкен септігін тигізді. Бейсен ағамыздың ұйымдастыруымен оқу орнын бітіруіміздің 30 жылдық мерейлі күнін аталған оқу орнында өткіздік. Колледждің әкімшілігіне, ондағы еңбек етіп жатқан ұстаздарға алғысымыз шексіз. Құшақ жая қарсы алды.

Бұл мақаланы жазу себебім де келешек ұрпақ ұйымшыл, өз мамандығына деген қызығушылығы жоғары болса, ізденімпаздықпен жұмыстар жасаса, алынбайтын қамал жоқ екендігін сезсе деген ой. Абай атамыздың: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан», – деген ұлы сөзі ойға оралады. Біздің жолымызды беріп, әрбір студент өз орнын тауып жатса қандай бақыт десеңші?!

Сөзімнің соңында сол бір жылдарда білім нәрімен сусындатқан ұстаздардың есімін атай кеткенді жөн көрдім. Михаил Ханжаров, Оскар Готман, Күнсайын Қуатбаев, Сауле Кенжетаева, Валентина Косых, Гүлдария Тоқмолдаева, Майра Мырзағұлова, Жұмагелді Нәжімеденов, Сембек Исағұлов, Жұмабай Түлкиев, Нұрдәулет Жолшиев сынды апай-ағайларымыз. Олардың біразы өмірден өтіп те кетті. «Мұғалім – ар мен ұяттан, шындық пен намыстан жаралған жан» деген ұлылардан қалған сөзге осы ұстаздарым лайық деп білемін. Бізді білім нәрімен сусындатып, келешекке бағыт-бағдар берген бағдаршамымыз осы ұстаздар еді.

Бұл оқу орнын біз ешқашан ұмытпаймыз. Мақтан етеміз. Онда еңбек етіп жатқан ұстаздармен үнемі байланыстамыз. Ұстаздарға деген сүйіспеншілігімізді сонау 1981 жылы осы оқу орнының табалдырығын аттағанына 40 жыл толып отырған барша группаластарымның атынан сүйікті «Жетісу» газеті арқылы жеткізгім келеді.

Мәулен ӨМЕКЕЕВ,
Ы. Алтынсарин медалінің иегері
Талас ауылы,
Райымбек ауданы

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Достык Темир Логистик» доводит до сведения потребителей услуг об утверждении временного компенсирующего тарифа на услуги предоставления подъездного пути для проезда подвижного состава при условии отсутствия конкурентного подъездного пути в размере **578,46 тенге за ваг/км без НДС**.

На основании приказа РГУ «Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Алматинской области» от 23.06.2021 г. №131-ОД тариф вводится в действие с 1 августа 2021 года со сроком действия 1 год.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Ақсу ауданы, Ақсу ауылының тумасы, қадірлі де құрметті атамыз **Жайық АҚМУРЗИНДІ** 5 шілде күнгі мерейлі 70 жасымен құттықтаймыз! Аяулы апамыз **Кариева Күлпаш** екеуіңіз әрқашанда жанымызда немерелеріңіздің қызығын көріп жүре беріңіздер. Менің атам асқар таудай алқылшы, әулетіміздің киесі, ел-жұртқа сыйлы, қысылғанда талайы келіп арқа сүйеген ерекше жан. Біздің тілеуімізді тілеп, басқан әр қадамымызға қолдау білдіріп отырады. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, мейіріміңізді төге жүріп, балаларыңыз бен немерелеріңізге барыңызды аямай өсіргеніңізге ұрпақтарыңыз сізге мәңгі қарыздар. Ұл-қыздарыңыз бен немере-шөберелеріңіздің ортасында әрдайым жүздеріңізден шуақ шашырап, қызығына тоймай жүре беріңіздер.

Немерем дейсің елжіреп,
"Сүйейін сені" келші деп.
Айтушы еді үлкендер,
Атаның сөзі емші деп.

Батаңды алып мен жүрсем,
Бағыма менің сен күлсең.
Ауырма, ата, қартайма,
100 жасқа қарай жең түрсең.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: немереңіз – **Айкерім.**

ҚҰРМЕТТІ НҰРДЫҒАЛИЕВА Әйгерім Қайратқызы!

Сізді 30 жасқа келген туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Осы қуанышты сәтте өмірде бақытты, ұжымда беделді, досжолдастарыңызға қадірлі де сыйлы болуды тілейміз! Игі істеріңіздің қашанда оңға басуына, әр қадамыңыздың қарымды болуына тілектеспіз.

Әрдайым жүзіңіз нұрға, өміріңіз жырға толып, алға қойған үлкен мақсаттарыңызға сүрінбей жете беруіңізге тілектеспіз. Аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, шаттық-қуанышыңыз мол болсын!

Жыл сайын қуанышқа бөленіңіз,
Бақытқа отбасылық кенеліңіз!
Жұмыста еңбегіңіз бағаланып,
Алғыс пенен құрметке еленіңіз!

ІЗГІ НИЕТПЕН:
«АЛАКӨЛ» КОМПАНИЯЛАР БІРЛЕСТІГІ.





Отбасымызға ерен қуаныш сыйлап, тәтті қылығымен жақындарының жүрегіне жылу құйған **УСКЕМБАЕВ Қабылмажын немересі Әлихан** 6 шілде күні бір жасқа келеді. Туған күніңмен шын жүректен құттықтаймыз!

Ырымшыл халықпыз ғой. Алаштың ұлы перзенті Әлихан Бөкейхан сияқты елдің қамы, жұрттың келешегі үшін аянбай еңбек ететін азамат болсын деген ниетпен ұлы тұлғаның есімін қойып едік. Құдайға шүкір, тәтті қылығы, елгезек мінезі, талапшыл талпынысымен көңілімізге көп қуаныш сыйлауда. Ертең ат жалын тартып мінген атпал азамат боларына бек сенімдіміз.

Еркін елдің ұланысың,
Бақыттымын қашанда мен.
Сен өмірге келмегенде,
Дәл осылай қуанбас ем.

Тұлға болар сүйікті елге,
Жаңа буын ұйытқысың.
Біз шықпаған биіктерге,
Сен шығуға тиістісің, –

дей келе дені сау, болашағы нұрлы болсын, бақ дарып, Қыдыр қолдап, Жамбыл бабамыздың жасына жетсін деп тілейміз.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР:
ата-апалары, туыстары, аға-әпкелері.

Газетіміздің келесі саны бейсенбі, 8 шілде күні шығады.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 747 706 13 73, 8 747 410 69 09. Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 8 747 688 17 41.
Меншікті тілшілер: Алакөл — 8-777-388-57-77, Панфилов — 9-12-27, Іле және Қапшағай қаласы — 8-777-016-44-11. Жамбыл — 8-701-254-97-55. Талғар — 8-701-400-28-49. Қарасай — 8-701-347-60-32. Еңбекшіқазақ — 8-701-212-00-96, Райымбек, Кеген және Үйғыр аудандары — 8-775-323-08-50
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Серік ҚАНТАЙ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Jetisý" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: **87773880990**

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 667
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 30 110, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы — 20 010. Индексі – 65469.

Крепить и умножать завоевания Независимости!
Н. НАЗАРБАЕВ.

Огни Алатау

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газет / Алматинская областная общественно-политическая газета / Almaty regional socially – the political newspaper

№76 (17877) Четверг, 15 июля 2021 года / Издается с 8 марта 1918 года / www.ognialatau.kz

Цитата номера

«Любовь к Родине начинается с любви к семейному очагу. Воспитание, полученное под родным шанырaком, – это залог здорового и успешного будущего всего нашего народа».

Нурсултан НАЗАРБАЕВ,
Первый Президент
Республики Казахстан.

СЕМЬЯ И ОБЩЕСТВО

Конкурс назвал образцовую семью

Вчера во Дворце торжеств г. Талдыкорган прошло торжественное награждение победителей областного тура национального конкурса «Мерейлі отбасы», нацеленного на пропаганду семейных ценностей и укрепление института семьи. В церемонии принял участие первый заместитель акима области Лаззат Турлашов.

Айгерим МАМРАЕВА



Фото Дмитрия ЕРОФЕЕВА.

- «Мерейлі отбасы» – это уже традиционный конкурс, в котором семьи со всех уголков жетысуского края с удовольствием принимают участие. Мы гордимся за всех конкурсантов. Это семьи, которые своим примером пропагандируют ключевые духовные ценности и устои, - сказал в приветственном слове Лаззат Махатович.

Более 400 заявок было подано на участие в конкурсе, и до второго этапа дошли 20 самых образцовых семей. Четыре из них удостоились призовых мест. Остальные 16 также не остались без внимания, каждой семье был вручен денежный сертификат и памятные подарки в знак благодарности за участие.

И, наконец, началась церемония награждения. Третье место и 300 тысяч тенге получили две семьи – Мансуровы из Панфиловского района, как династия работников медицины, и Садуакасовы из Кербулакского района, воспитавшие 14 детей. Второго места удостоилась семья Андас из города Талдыкоргана, получившая 700 тысяч тенге. К слову, в семье Андас особо чтят вековые традиции и обычаи. В семье есть много памятных вещей, хранящихся вот уже семь поколений. Некоторым из них более ста лет.

Заслуженное первое место и денежный сертификат в размере одного миллиона тенге получила семья Исабековых из Енбекшиказахского района. Победители первого места известны не только в Казахстане, но и за рубежом благодаря своему семейному делу – казахской национальной охоте с ловчими птицами. Глава семейства Мухамед Исабеков был одним из тех, кто стоял у истоков ее возрождения, и большую часть жизни посвятил столь благородному делу.

- От всего сердца хочу выразить благодарность организаторам за столь интересный конкурс, который еще больше сплотил нашу семью! Я надеюсь, что благодаря таким мероприятиям наша молодежь станет беречь семейные ценности, - поблагодарил глава семейства Мухамед Исабеков.

Действительно, от таких конкурсов остаются лишь положительные эмоции. И это подтверждают не только участники, но и все присутствующие.

- «Мерейлі отбасы» проходит в этом году под знаковым событием – 30-летием Независимости РК. Из года в год мы видим, как он обретает более широкий формат. В этот раз заявки поступили от 410 семей. И это говорит о многом. Значение и ценность конкурса, особенно при формировании семейных ценностей, очень велико. Победителей было четверо, так как конкуренция была сильная. И для жюри было нелегко выбрать лучших, но есть критерии, по которым шел строгий отбор. Это и состав, и традиции, и семейные ценности, и трудовые династии. Компетентное жюри все это учло, их мнение было согласовано с национальной комиссией.

Семья Исабековых из Енбекшиказахского района будет представлять на республиканском уровне традиции, которые близки именно жетысускому краю. Я думаю, такие конкурсы должны быть. Они - пример для формирования семейных ценностей и традиций,- сказал руководитель управления внутренней политики Рахмет Есдаулетов.

Завершилось мероприятие красочным концертом в исполнении лучших артистов филармонии имени Курмангазы.

АГРОСЕКТОР

Селекция работает на результат


Фото Руслана КАДЫРОВА.

В условиях жестких и повсеместных карантинных мер твердый экономический «иммунитет» и потенциал к развитию демонстрируют многие жетысуские предприятия. В их числе одно из двух в республике специализированных животноводческих хозяйств ТОО «Талдыкорганский племенной центр «Асыл».

Андрей ЯРОПОЛОВ

База этого крупного предприятия расположена на восточной окраине областного центра. Она занимает территорию в девять гектаров. На ней расположены лаборатории забора и заморозки семенного материала быков-производителей, скотные дворы, склады кормов и другие хозяйственные помещения. Свою историю племцентр «Асыл» ведет с 1995 года. Все это время талдыкорганские селекционеры упорно и успешно трудились и вносили большой вклад в развитие областного животноводства.

Сегодня центр «Асыл» сумел накопить несколько миллионов доз замороженного материала в своем банке семени. Это, по словам асыловцев, хороший фундамент для начала повсеместного улучшения племенного генофонда КРС высокопродуктивных пород. С одновременным внедрением передовых биотехнологических методов воспроизводства поголовья молодняка. Упор делается на «алатаускую», «симментальскую», «казахскую белоголовую» породы. Акимат области всячески поддерживает эту инициативу и способствует в ее продвижении.

Кроме того, в центре «Асыл» сегодня осваивают еще одно смежное направление деятельности. Им станет молочное животноводство. Имеющееся маточное поголовье поэтапно увеличивается, закупаются дойные буренки. Вскоре на территории племцентра «Асыл» будет запущена собственная молочнотоварная ферма на сто голов. Необходимое оборудование уже приобретено, идет его наладка. Весь процесс переработки молока будет полностью автоматизирован.

Что касается основной работы, то специалисты-асыловцы обслуживают частные животноводческие подворья в одиннадцати районах нашей области. Причем осеменяется скот абсолютно безвозмездно. За прошлый год асыловцы искусственно осеменили порядка семидесятипятитысячное маточное поголовье по области. И это более чем достойный показатель.

ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

Чистый воздух от АВЗ

Сильная жара в последние дни показала, что кондиционеры и вентиляторы нам очень нужны. Свежий чистый воздух, что может быть лучше. Качественная вентиляция на работе и дома - залог и крепкого здоровья. Радует, что именно у нас в области работает единственное предприятие, выпускающее вентиляционное оборудование и климатическую технику. Это Алматинский вентиляторный завод.

**Жибек ЖЕКСЕМБЕК,
Илийский район**

Отметим, что это и экспорториентированное предприятие, продукция которого поставляется за границу. Налажено сотрудничество с компаниями из России, Узбекистана, Кыргызстана и Таджикистана, а также Германии, Великобритании, Кореи. В городе Казани построен филиал завода.

Основное направление деятельности: научно-производственное, включающее разработку, изготовление и реализацию климатической техники и вентиляционного оборудования. Ассортимент продукции охватывает практически весь спектр промышленной вентиляции. Вентиляционное оборудование производства ТОО «АВЗ» включено в строительные каталоги и справочники, на него ориентируются проектные организации и технические службы предприятий при проектировании новых объектов, проведении капитальных и текущих ремонтов зданий, сооружений, технологического оборудования.

«В своей работе выделяем в качестве основных приоритетов обеспечение требований техники безопасности, надежность оборудования, охрану окружающей среды, применение лучших мировых технологий энергосбережения», - рассказали в компании.

В 2021 году руководство АВЗ обратилось в АО «Нурбанк» для пополнения оборотных средств. Проект был поддержан фондом «Даму» по программе государственной поддержки и развития бизнеса «Дорожная карта бизнеса- 2025», в результате чего субсидируется часть ставки вознаграждения в размере 8% при ставке вознаграждения по займу – 14% годовых.

Такая поддержка государства позволяет не только продвигать на мировом рынке товары отечественного производства, но и создает возможности для дальнейшего развития предприятия.



Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№76
(18928)

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Beısenbi,
15 shilde,
2021 jyl

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

ҚАРАШЫҒЫМДАЙ ҚАСТЕРЛІ

Мұқағали ағамыз айтқандай «Қалтарыс-бұлтарысы мың сан қабат» өмірде қазақ халқының басына не келіп, не кетпеді. Білегіне шоқпар іліп, шашақты найза көтерген заманды айтпағанның өзінде тарихтан ізі өшпеген, жүректен сызы кетпеген XX ғасырдағы ақ небір алапат ауыртпалық пен қиын кезеңді бастан кешірдік.

«Әке-шешем бар еді, жасы жеткен кәрі еді. Осынау әнге салдырған, он алтының зары еді», деп келетін «Самалтау» әнінде айтылғандай, ұлт-азаттық көтерілісінің зары әлі де құлағымызда. Ұязқ, Жәмеңке сынды аталарымыз: «Бала өлгенше, шал өлсін» деп Қарқараның төріндегі Ереуілтөбеде бас қосып, ақ патшаның Жарлығына қарсы тұрғандағы ең басты арманы – ұрпағының азат болуы екенін есті адамның бәрі біледі. Қолдан жасалған аштықтан бірнеше миллион қандасымыз опат болды. Соның салдарынан әлі күнге санымызды өсіре алмай келеміз. Дәл осы аумалы-төкпелі кезеңдегі жаптым жала, жақтым күйенің құрбанына айналып, репрессияға ұшыраған Алаш арыстарының да басты идеясы ұлтының еркіндігі еді. Осынша сыздаған жараның аузы сексен алтының желтоқсанында жарылып, азаттықтық ақ таңы қаншама бозбала мен бойжеткеннің қаны мен жасына жуылып жетті. Сөйтіп, ғасырлар бойы бабалар аңсап, біздің мандайымызға бұйырған тәуелсіздікпен қауыштық.

Ендігі мақсат – аппақ таңдай шуағын шашқан азаттықтың қадірін білу, тәуелсіздігімізді қастерлеп, көзіміздің қарашығындай сақтау. Әркім өз саласында ұлтының ұлы жолында қандай қиындықтарға болсын тәуекел ету. Талдықорған төрінде алғаш театр ашып, қазақ өнерінің шаңырағын көтергенде біздің де асыл арманымыз болды. Ол – қазағымыздың шерге толы шежіресін сахна төрінен көрсетіп, ұлттың рухын ояту еді. Тәңірберген Қалилаханов ағамыздың «Алтын бесік» трагедиясында еліміз бойынша сахна төріне Абылайханның бейнесін алып шыққан бірден-бір ұжым – біздің театр екенін мақтанышпен айта аламын. Абылай бабамызды сомдаған курстасымыз Тілек Әбжәлиев марқұм сахнада ақ киіздің үстінде отырып саңқ ете қалғанда өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғандай күй кешкенбіз. Қазір, құдайға шүкір, Қабанбай, Райымбек бабаларымыз да, Әлихан, Ілияс, Мұхамеджандай даналарымыз да сахна арқылы ұрпағымен емін-еркін қауышып жатыр. Осының өзі тәуелсіздігіміздің жемісі. Ендеше, тағдырдың сан түрлі бұралаң жолынан аман өтіп, қолымыз жеткен тәуелсіздігіміздің қадіріне жете білейік. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Алмахан КЕНЖЕБЕКОВА,
Халық әртісі,
Алматы облысының Құрметті азаматы

ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУ

Отбасы құндылықтарын кеңінен насихаттау, ата-ананың бала тағдырына, бала тәрбиесіне жауапкершілігін арттыру мақсатында елімізде жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы өткізіледі. Талдықорған қаласындағы Салтанат сарайында осы байқаудың жеңімпаздары марапатталды. Мерейлі отбасыларды облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВ арнайы құттықтады.



МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

Еңлік АРЫҚБАЙ

Облыс деңгейіндегі байқаудың іріктеу кезеңіне 400-ден аса өтініш келіп түскен. Оның ішінен 40 отбасы бірінші кезеңде әулет тарихы жинақталған альбом ұсынды. Олардың арасынан 20-сы екінші кезеңде бақ сынады.

Аталмыш байқау биыл жетінші жыл қатарынан өткізіліп келеді. Осыған орай әр жылдары жеңіске жеткен отбасы есімдері аталды. Одан бөлек, жеңімпаз болған 4 отбасына қатысты бейнебаян тамашаланды. Жүлдегерлерді марапаттауға арналған салтанатты жиында облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов сөз алып:

– Халқымызда «Өнегелі отбасы – елдің тұтқасы» деген дана сөз бар. Ізгілікті, өнегелі, мерейлі отбасылар қашанда көпке үлгі болуы тиіс. Үйелмелі-сүйелмелі бала-шағаны бір шаңырақта өсіріп, ержеткізіп отырған ата-ананың еңбегі ерен. Олар бір-біріне бауырмал болып келеді. Кең-байтақ жерімізге ие болатын ұлағатты ұрпақ өсіру – бәрімізге міндет. Ендеше, бүгінгі байқаудың тәрбиелік маңызы зор. Елімізде мерейлі отбасылар саны арта берсін. Марапаттарыңыз құтты болсын, – дей келіп, байқауға қатысқан отбасыларға алғысын білдірді. Сондай-ақ, республикалық кезеңге жолдама алған отбасыларға сәттілік тіледі.

Осыдан кейін «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық деңгейдегі жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне кезек берілді. Марапаттау рәсімін Лаззат Махатұлы атқарды. Үшінші орын екі отбасыға берілді. Ең алдымен сахна төріне Панфилов ауданынан «Медицина қызметкерлері әулеті» атанған Мансұровтар отбасы шықты. Диплом мен 300 мың теңгенің сертификатына ие болған бұл отбасының ұлқыздарынан бөлек, келіндері де – ақ халатты абзал жандар. Соңғы екі жылдағы елдегі жағдайда дәрігерлердің еңбегі зор. Осындайда Мансұровтар әулеті сынды өз ісінің білікті мамандары болғаны қуантады.

Үшінші орыннан көпбалалы Сәдуақасовтар әулеті марапатталды. Отағасы да, отанасы да қарапайым шаруа адамы. Кербұлақ ауданының тұрғыны Гүлназ Шәкенова 42 жасында 14 баланың анасы атанды. 15 жасында тұрмысқа шыққан Гүлназ бен жолдасы Сәрсенбайдың тұңғыштары Жадыра 26 жасқа толса, кішкентай Нұрғалым 2021 жылдың наурызында дүниеге келді.

Жүлделі екінші орыннан "Jetisý" газетінің журналисі, әріптесіміз Қажет Андас шыққан әулет көрінді. Андас отбасы – халық шығармашылығын, қазақ фольклорын зерттеумен айналысатын, ата мұрасын ардақтаған, білім-ғылымға құштар, ұлттық өнерді жалғастырған, көпбалалы әулет. Бүгінде 7 бала, 16 немере тәрбиелеп отыр.

«Андас отбасы» ата-бабалары тұтынған бес ғасырлық 700-ден астам мұрасын сақтап, бүгінге жеткізген ұқыптылығымен көзге түсті. Солардың қатарында ең құндысы – Солтангелді бидің күмістелген ертоқымы мен Ұлтарақ батырдың көнтоқымы. XVII ғасырға тән жәдігер бүгінде Тұңғыш Президент – Елбасының «Атамекен» мәдени орталығының қорында сақтаулы. Әсіресе, осы әулет 108 жыл тұтынған бесікке Андас әулетінің 41 баласы бөленген. Бұл жәдігерлерді әулеттің отанасы, этнограф, ата мұрасын сақтаушы, ұлттық қолөнерді жалғастырушы Әуесхан Мажайқызы аялап сақтап, атажұртқа жеткізіп, ел игілігіне айналдыруда. Андас отбасына 700 мың теңге табысталды.

Бас жүлде мен бір миллион теңгенің сертификатын Еңбекшіқазақ ауданынан Исабековтар отбасы иеленді. Бұл отбасы атакәсіпті насихаттап, бүркітшілікті дәріптеуде. Әулеттің Нұра ауылында «Жеті қазына» құсбегілік мектебі әрі мұражайы бар. Әулет кезінде керемет сері болған, жалпақ қазақ даласына құсбегілігімен аты шыққан Жалайыр Шораның ұрпағы. Бұл кісіні халық «құстың тілін білетін әулие адам» деп құрметтеген.

Жеңімпаз және жүлдегер отбасыларға дипломдар мен бағалы сыйлықтар тапсырылды. Барлық қатысушыларға Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.

Жеңімпаз отбасы байқаудың республикалық кезеңіне қатысатын болады.

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

ӨТКІР СЫН АЙТЫЛДЫ

Апта басында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Айгүл ҚҰСПАН мен Мақпал ТӘЖМАҒАМБЕТОВА Қарасай ауданына арнайы келіп, өңірдің тыныстіршілігімен танысты. Мәртебелі меймандарды аудан әкімі Жандарбек ДАЛАБАЕВ, «Nur Otan» партиясы аудандық филиалы төрағасының орынбасары Қаныбек АЙТЖАНОВ, аудандық мәслихат хатшысы Бауыржан АЙНАБЕКОВ бастаған лауазымды тұлғалар қарсы алып, атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен таныстырды.



Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Елтай ауылдық округіне қарасты Береке ауылына ат басын бұрған халық қалаулылары алдымен М. Бейсебаев атындағы орта мектебіне тоқтады. Ескертусіз келгендіктен бе, бұл жерде мектеп басшылары болмай шықты. Ұстаздардың барлығы дерлік жазғы демалыста жүргендіктен, сонымен бірге карантиндік шектеулерге байланысты білім шаңырағы айналасының күтімсіз қалғаны байқалады. Депутаттар оқушыларға арналған сырттағы дәретхана мен футбол алаңының келеңсіз көрінісіне сын айтып, мектептің іші мен сырты, ауласы, ойын алаңдарының кез келген уақытта талапқа сай болуы қажеттігіне назар аударды.

Халық қалаулылары осы округке қарасты Исаев ауылында жаңадан ашылған «Rich Valley» ЖШС-нің жылыжай кешеніне келіп, қияр мен қызанақ өндіруге маманданған өндірістің жұмысымен танысты. Көлемі 2,6 гектар аймақты алып жатқан үлкен кешенде жылына 350 тонна өнім өндіріліп, Алматы қаласының азық-түлік белдеуі қалыптасуына лайықты үлес қоспақшы. Жылыжайда бүгіндері 15 жергілікті тұрғын еңбекпен қамтылып, әлеуметтік жағынан мекеме қамқорлығына алынған.

Әйтей ауылындағы жаңадан бой көтерген мектепке барар жолда шоғырланып тұрған тұрғындарды көрген депутаттар олардың жандарына аялдап, мәселенің мәнісіне үңілді. Күн санап өсіп, кеңейіп келе жатқан ауылда бүгіндері 134 көше бар екен. Күз, қыс, көктем айларында ауызсу зәрулігін көрмейтін тұрғындар жаз шыға су тапшылығын тартудамыз дейді. Бұл жерде негізгі көшелер суды емін-еркін пайдаланса, Жүніс-бек, Жылысай көшелерінің тұрғындары бақшаны суғару былай тұрсын, ішетін судың өзін тасымалдауға мәжбүр. Осыған байланысты "Жаңадан орнатылған қосымша су соратын стансы іске қосылғанда ауызсу тапшылығынан арылады" деді аудан басшылары.

(2-бетке назар аударыңыз).

COVID-19

ІНДЕТ ҚАЙТА КҮШЕЙДІ

Коронавирус індеті қайтадан белең ала бастады. Соңғы тәулікте облыста 134 адам сырқаттанды.

Облыс бойынша жұқпаның өсу қарқыны өткен 14 күнге жүргізілген мониторинг бойынша 0,2%-дан 0,3%-ға дейін өсті. Соңғы аптада ең жоғары өсу қарқыны Алакөл, Балқаш, Ескелді, Іле, Қарасай, Қаратал, Райымбек, Талғар аудандарында байқалады.

Облыс бойынша індет жұқтырған 134 жағдайдың 23-і он төрт жасқа дейінгі балалар. Оқушылар арасында 11, студенттер арасында 4 жағдай тіркелген. Облыс өңірлері арасында коронавирусқа шалдығу Алакөл 5, Балқаш 3, Еңбекшіқазақ – 9, Ескелді 4, Жамбыл 3, Іле 20, Қарасай 4, Қаратал 7, Кербұлақ 2, Көксу 1, Панфилов 7, Райымбек 2, Талғар 30, Үйғыр 5, Қапшағай қаласы 1, Талдықорған қаласы 29, Текелі қаласы бойынша 2 адамнан анықталған. Бір тәулік ішінде стационардан 36 пациент, үйдегі оқшауланудан 20 адам шығарылды. Жыл басынан вакцинаның I компоненті үшін 519 145 доза келіп түсті. Бүгінге дейін оның 468 455 дозасы қолданылды, қазіргі уақытта облыста 50 690 доза вакцина бар. Вакциналанғандардың арасында мемлекеттік қызметкерлер 11 481, медицина мамандары 22 933, педагогтар 37 123, бұқаралық ақпарат құралдарының 186 қызметкері, созылмалы аурулары бар адамдар (қант диабеті, өкпенің созылмалы обструктивті ауруы, жүрек-қантамыр жүйесі) 3432 және басқа да қызмет салаларының өкілдерінен 350 245 адам вакцина алып үлгерді.

Жағдайдың ушығуына байланысты облыста сенбі-жексенбі күндері локдаун енгізілуде. Тұрғындардың емханаларға барып, вакцина алуы жиіледі. Медицина мамандары әр адам өзі және басқалар үшін барынша сақтық шараларын сақтағаны жөн екенін ескертеді.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ

«БАСТАУ-БИЗНЕС»

АСТЫ ЖЫЛДАМ ДАЙЫНДАЙДЫ

Кербұлақ ауданында жас кәсіпкер Ділназ Көшербай мемлекеттік грант көмегімен жылдам тамақтандыру орталығын ашты. 20 жастағы кәсіпкер Сарыөзек ауылында туған. Негізгі мамандығы жеңіл өнеркәсіп жабдықтарын ұйымдастырушы.

Жас кәсіпкер әдеттегі жұмыс орнын жеке бизнеске алмастырды. Ол нарықта жедел дамып жатқан қоғамдық тамақтандыру саласын таңдап, өзі туып-өскен ауылында жылдам тамақтанатын орталық ашты. Ділназдың сөзінше, оқу орнында білім алып жүріп, кәсіп түрлерін зерттеп, өзінің білім-біліктілігі мен мүмкіндіктерін бағамдап көрген. Сөйтіп, ой-арманын жүзеге асыру үшін «Атамекен» кәсіпкерлер палатасына барып, мамандардан кеңес алған. Нәтижесінде «Бастау Бизнес» жобасы іс бастаймын деген талай азаматқа жол ашып, үлкен мүмкіндік туғызған. Осылайша, аталған жобаға жазылған ол былтыр кәсіпкерлік ісін жүргізу бойынша білімін толықтырып, 555 мың теңге көлемінде грантқа қол жеткізді. Сол қаражатқа қажетті жабдықтар сатып алып, кәсібін дөңгеленткен.

Жылдам тамақтану орталығы «Chicken Saryozek» деп аталады. Орталық өткен жылдың қыркүйек айынан бастап жұмысын жүргізуде. Бұл жерге келушілер қуырылған тауық өнімдерін, пицца, суши, наггетс, стрипс сияқты тағам түрлеріне тапсырыс бере алады. Аз уақыт ішінде Ділназдың шағын мейрамханасы жастардың жиі баратын орнына айналуда.

– *Сарыөзекте қоғамдық тамақтандыру саласы жақсы дамып келеді. Тұрғындардың қуырылған тауық өнімдеріне, пицца мен сушиге қызығушылығы жоғары. Мейрамханада біз тағамдарды жеке рецепт бойынша дайындаймыз. Әзірге айына 240-300 келі тауық етінен дайын өнім шығарып отырмын. Қасымда бір көмекшім бар,* – дейді Ділназ.

Қазіргі таңда жас кәсіпкер «Chicken Saryozek» жылдам тамақтандыру орталығының мәзіріне жаңа тағамдарды қосып, ас әзірлеу технологиясын жетілдіру бағытында жұмыс істеуде. Ділназ бұл орынның алдағы уақытта ірі мейрамханаға айналатынына сенімді.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының мәліметінше, жыл басынан бері «Еңбек» бағдарламасы аясында «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне 1608 жұмыссыз адам және жас кәсіпкерлер оқытылған. Жоба бойынша былтыр және биыл оқытылғандарды ескергенде, 695 бизнес-жоба гранттық қаржыландыру мен жеңілдетілген несиеге қол жеткізген.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Кербұлақ ауданы

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Қазақстан тәуелсіздігін алған кезде еліміздің өз алдына республика болуын қалаған әрі ең бірінші болып мойындаған Түркия еді. Бауырлас елдің бұл қолдауы еркіндікке енді қолы жеткен мемлекетіміз үшін зор мәртебе. Ал іргесі қаланған жаңа республиканың әрі қарай өмір сүруі үшін ерен еңбек керек. Ол үшін ішкі және сыртқы істері, экономикасы, қаржысы секілді көптеген маңызды бағыттарды дамыту қажет.

БАБАДАН ҚАЛҒАН АМАНАТ

Отыз жыл ішінде Қазақстан етек-жеңін жиып, шегарасын бекітіп, өз алдына дербес зайырлы ел болды. Бұл атадан келе жатқан ұлы жеңістің жемісі әрі аманаты. 1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алған еліміздің өз Президенті, сан түрлі ұлты мен ұлысы, салт-дәстүрі, мәдениеті мен экономикасы болды. Желтоқсан желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерліктерінің арқасында шаңырағы биік, керегесі кең мемлекет болып қалыптастық. Отыз жыл ішінде үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, биік белестерді бағындырдық. Әлем көз тіккен Нұр-Сұлтан арман қалаға айналды. Апортына бүкіл ел сүйсінген Алматы мәдениет пен әдебиеттің астанасы болып тұр. Осының барлығы тәуелсіздіктің жемісі.

Арысы Қазақ хандығынан бастап, берісі егеменді елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастырып келе жатқан, атадан тараған ұрпақтың парызы осы аманатты сақтау. Жәнібек пен Керейдің керген керегесін кілем үсті көтеріп, Отанды қастерлеп өту әрбір ұрпақтың міндеті. Қазақта «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» деген сөз бар. Орманы жоқ құстың ұясы да, қонар бұтағы да жоқ. Дәл сол секілді Отаны жоқ ұлттың өмір сүруі қиынның қиыны.

Иә, бір кезде Отан үшін деп жанын қиған жастар азаттық жолында алаңға шықты. Сол үшін де 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі тарихта мәңгі қалмақ. Азаттық, Тендік, Тәуелсіздік. Осы бір үш ұғымның салтанат құруы үшін кімдер бас тікпеді, кімдер құрбан болмады? Бұл оқиғаның алғашқы құрбандары Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанқызы, Ербол Сыпатаевтарды еске алып, олардың рухына тағзым ету парызымыз. 1986 жылдың желтоқсаны бүкіл ұлтымыздың жанын жаралап, жүрегіне ызғар шашып кетті, бостандық үшін өрімдей жап-жас қыз-жігіттер құрбан болды.

Тәуелсіздік ащы термен келген тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өшпеген жігердің отымен келген ұлы күн. Біз өзіміздің Көк байрағымызды мақтанышпен жоғары көтеріп, Елтаңбамыз бен Гимнімізді қастерлейміз. Күн сәулелі аспанымызда әрқашан шуақ шашып, тәуелсіздік пен ерліктің белгісі дала қыранының қанаты талмай, қалықтай берсін демекпіз.

Римма ИСАБАЕВА,
«Көксу орта мектебі» МДШО тарих пәні мұғалімі

Көксу ауылы,
Кербұлақ ауданы

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Кеген ауылының тұрғыны, ақжарқын азамат, шаңырағымыздың тірегі, қымбатты жар, ұрпағының асқар таудай әкесі, немерелерінің сүйікті атасы, Кеген аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының қызметкері **Жұмағали Әбітұлы АЙНАҚҰЛОВТЫ** желтоқсан айының 5-жұлдызындағы туған күнімен және зейнеткерлік қуанышымен шын жүрегімізбен қуана құттықтаймыз! Өз тұсында Алматы қаласындағы Халық шаруашылығы институтын «экономист» мамандығы бойынша бітірген Жұмағали «Қарқара» кеңшарының Қарқара фермасында аға есепші болып еңбек жолын бастады. Кеген аудандық АТП №7 мекемесінде, аудандық ауылшаруашылық басқармасында, Кеңсу кіші кәсіпорнында, «Наурыз» шаруа қожалығында мамандығы бойынша жемісті еңбек етті. 2004 жылдан бері Райымбек аудандық санитарлық-эпидемиологиялық орталығына шаруашылық меңгерушісі болып қабылданып, содан бері абыройлы жұмыс істеп келеді. Қазіргі таңда ұл-қыздарын өсіріп, қанаттандырып, немерелерін сүйіп, аялап отырған бақытты ата. Ешкімге жамандығы, артық сөзі жоқ, қарапайым, көпшіл мінезді азаматтың көрер жақсылықтары алда. Зейнеткерлік күндері тек қана өмір бақытын, шаңырақ шаттығын, ұрпағының қуанышын сыйласын!

Үйімізге бақыт толсын, бақ қонсын,
Көңіліміз қуаныштан шат болсын.
Құтты болып пайғамбарлық жасыңыз,
Атар таңдар жақсылығын ап келсін.
Зейнеткерлік қуаныш боп атты күн,
Шаңырақта бақыт қандай, тап бүгін?!
Біз тілейміз бір өзіңе 100 жасты,
Біз тілейміз шөберенің шаттығын!

ІЗГІ ТІЛЕК, ҮЛКЕН ҚҰРМЕТПЕН: зайыбы – **Надежда, ұл-қыздары** және **немерелері.**

✓ХАБАРЛАМА

«Іле ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 120140000255) Іле ауданы әкімдігінің 22 қараша 2021 жылғы №538 қаулысымен «Іле ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (БСН 120140000235) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылады.

Шағымдар бір ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Заманбек Батталханов көшесі, 8-үй. Байланыс телефондары: 8/72752/21069.

***

«Іле ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 120640014203) Іле ауданы әкімдігінің 22 қараша 2021 жылғы №538 қаулысымен «Іле ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қосылу жолымен қайта ұйымдастырылады.

Талаптар бір ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Заманбек Батталханов көшесі, 8-үй. Байланыс телефондары: 8/72752/20126.

***

«Іле аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН: 991240002644) Іле ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 22 қарашадағы №538 қаулысымен «Іле ауданының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (БСН: 120140000146) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылады.

Талаптар бір ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, З. Батталханов көшесі, 8-үй , тел.:8(72752) 2-16-97, 2-14-29.

***

«Іле ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 120140000235) Іле ауданы әкімдігінің 22 қараша 2021 жылғы №538 қаулысымен «Іле ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 120140000255) мен «Іле аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (БСН 120640014203) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылады.

Шағымдар бір ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Заманбек Батталханов көшесі, 8-үй. Байланыс телефондары: 8/72752/20615.

***

«Іле ауданының ауылшаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН: 120 140 000 334) Іле ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 22 қарашадағы №538 қаулысымен «Іле ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (БСН: 060 240 006 819) қосу жолымен қайта ұйымдастырылады.

Талаптар бір ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, «Қуат» ықшамауданы, Қапал батыр көшесі, №2 үй, тел.: 8(72752) 51-73-12, 2-04-27.

«Кеген ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 180540005519) Кеген ауданы әкімінің 2021 жылғы 22 қарашадағы №301 қаулысымен «Кеген ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (БСН 180540004818) қосу жолымен қайта ұйымдастырылады. Талаптар екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б. Момышұлы көшесі, №19 үй; телефоны: 8/72777/22489.

***

Кеген ауданының «Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 180540005668) Кеген ауданы әкімдігінің 22 қараша 2021 жылғы № 301 қаулысымен Кеген ауданының «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (БСН 180540010053) қосу жолымен қайта ұйымдастырылады. Талаптар екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б. Момышұлы көшесі, 19-үй , телефоны: 8/72777/21506.

***

Кеген ауданының «Дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 180540005698) Кеген ауданы әкімдігінің 22 қараша 2021 жылғы № 301 қаулысымен Кеген ауданының «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (БСН 180540010053) қосу жолымен қайта ұйымдастырылады. Талаптар екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б. Момышұлы көшесі, 19-үй , телефоны: 8/72777/21506.

***

Кеген ауданының «Жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 180540004878, Кеген ауданы әкімдігінің 22 қараша 2021 жылғы №301 қаулысымен Кеген ауданының «Ауылшаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне, БСН 180540005102, қосу жолымен қайта ұйымдастырылды. Талаптар екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Ә. Әзімжанов көшесі, №19-үй, телефоны: 8/72777/22289.

***

Кеген ауданының «Қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 1805400053206 Кеген ауданы әкімдігінің 22 қараша 2021 жылғы №301 қаулысымен Кеген ауданының «Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесіне, БСН 1805400054096, қосу жолымен қайта ұйымдастырылды. Талаптар екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б. Момышұлы көшесі, 19 «А» үй, телефоны: 8/72777/21278.

***

«Кеген ауданының сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН180540005073) Кеген ауданы әкімдігінің 22 қараша 2021 жылғы №301 қаулысымен «Кеген ауданының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (БСН 180540005053) қосу жолымен қайта ұйымдастырылады. Талаптар екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б.Момышұлы көшесі, №19 ғимарат: телефоны:8/72777/21295.

«Талғар ауданының сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 060240009123) Талғар ауданы әкімдігінің 23 қарашадағы 2021 жылғы №11-649 қаулысымен «Талғар аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (БСН 050140007445) қосу жолымен қайта ұйымдастырылады. Талаптар бір ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талғар қаласы, Қонаев көшесі, №65, телефоны: 8 (727) 295 66 12.

✓ТҰСАУКЕСЕР

Талдықорғанда «Ардагерлер» хорының құрылғанына 5 жыл толуына орай басылып шыққан «Қарттардың да өнерге бар таласы» атты кітаптың тұсаукесері өтті. Кітапты Алматы облысының Құрметті азаматы, еңбек ардагері Шырақбай Жылқайдаров, еңбек ардагерлері Оңал Жақсылықова мен Мақұлбек Мұхаметқалиевтар құрастырыпты. Тұсаукесерге облыстық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Райхан Сергазинова, Алматы облысының Құрметті азаматы Дина Нұрғалиева, «Ардагерлер» хорының жетекшісі Азат Құрсабаев, қоғам қайраткері Мықтыбек Рақымбекұлы және облыстық, қалалық ардагерлер ұйымының мүшелері қатысты.



ҚАРТТАРДЫҢ ДА ӨНЕРГЕ БАР ТАЛАСЫ

Қажет АНДАС

Кітапты құрастырушы Шырақбай Ғалымбайұлының айтуынша, бұл еңбек үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде хорда қызмет еткен 60-тан астам өнерпаз ардагердің өмір деректері жинақталса, екінші бөлім ардагерлер шығармашылығына арналған. Ал үшінші бөлімінде баталар мен «Ардагерлер» хорының естелік суреттері берілген.

– Облыстық ардагерлер ұйымының жоспары бойынша Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойы аясында өнерпаз ардагерлердің арасында «Қарттардың да өнерге бар таласы» атты байқау өтті. Оған облыстың барлық аудан-қаласынан өнерді серік еткен ардагерлер қатысып, үлкен белсенділік танытты. Өнерлі қарттар байқауын облыстық ардагерлер ұйымы кеңесінің төрағасы бастаған, арнайы құрылған төралқа мүшелері қорытындылады. Осы байқау аясында Жетісу өңірінің өнерін өрістетіп, мәдениетінің дамуына өзіндік үлесін қосып жүргендердің қатары көптеп саналатындығына көз жетті. Осы жолы маған «Ардагерлер» хоры туралы кітап жазу керек деген ой келді. Бұл ойды жүзеге асыруға Оңал Дінмұхамбетқызы мен Мақұлбек Қажыбекұлы көп көмек көрсетті. Міне, сол еңбектің нәтижесінде осындай кітап жазылды, – деді Шырақбай Жылқайдаров.

Бүгінгі таңда «Ардагерлер» хоры тек қана концерттік жұмыстармен айналыспай, жастарды ұлттық құндылыққа, отаншылдыққа, патриотизмге тәрбиелеуде айтарлықтай үлес қосып келеді. Жетістіктері де жетерлік. Айталық, 2018 жылы Елордадағы Конгресс-Холлда өткен республикалық фестивальдің қорытынды Гала концертінде жүлделі орынға ие болды. Облыстық әкімдік тарапынан қаржылай қолдау көрсетіп, әртістердің киім-кешектері жаңаланды. Кейінгі екі жыл көлемінде елді жайлаған індетке қарамастан «Ардагерлер хоры» пандемияның талаптарын орындай жүріп,Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған концерттік бағдарламаға үлкен дайындық үстінде.



Простатит, аденома, несеп шығару қызметінің бұзылуы, белсіздік?!



Бұл препарат отандық және халықаралық құжаттармен мақұлданған. Оны аденома,простатит,импотенция, цистит,сондай-ақ,қуық асты безінің қатерлі ісігі мен белсіздік сияқты ауруларды кешенді емдеуде қолдану ұсынылған.

Еркектердің жыныстық қызметі мен зәр шығару жүйесінің бұзылуы өмір сапасын едәуір төмендетеді. Бұл физикалық қана емес,сонымен қатар,психо-эмоционалды қолайсыздық тудырады!

Алайда үміт үзудің қажеті жоқ,бұл жағдайда біз сіздерге көмектесе аламыз!

Статистикаға сәйкес әрбір үшінші ер адам простатиттен,зәр шығарудың бұзылуы мен импотенциядан зардап шегеді. Әдетте,бұл бұзылыстар 40 жастан асқаннан кейін дами бастайды және ол гормоналды жүйенің бұзылуымен, иммунитеттің төмендеуімен,сондай-ақ,жамбас бөліктегі қан айналымның нашарлауымен байланысты.

Простатит – бұл несеп-жыныс жүйесі мүшелеріндегі инфекцияның простатаға немесе басқа да қабыну ошақтарына еніп кету нәтижесінде дамиды. Патологияның даму қаупі соған итермелеуші себепшарттар болған жағдайда жоғарылай бастайды. Мәселен,қозғалыссыз өмір салты,салқын тию,төсек қатынасының болмауы немесе шамадан тыс белсенділік,үнемі іш қату – осы аурудың асқынуына себепші болады.

Простата аденомасының асқынуы салдарынан зәр шығаруда бұзылыстар болып,зәрді ұстай алмай,іштің төменгі бөлігі ауырып,төсек қатынасы бұзыла бастайды. Аденома асқынса зәрдің жіті тоқтауы және гематурия мазалап, қуықта тастар пайда болуы мүмкін.

Егер простатит,қуық асты безі аденомасы сияқты ауруларды алғашқы кезеңдерде ескермей,ем қабылдамаса, патологиялық процестер қайтарымсыз болады. Ал бұл өз кезегінде үлкен салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан көп жағдайда хирургиялық жолмен емдеуден басқа ешқандай мүмкіндік қалмайды.

Дегенмен,аурудың жағымсыз белгілері мен асқынулардың алдын алуға болады. Тек уақытында білікті мамандарға жүгінген жөн. Ал бұл жағдайды жеңілдетуге және патологиялық процестерден толықтай құтылуға «Уропротектор» деп аталатын кешенді препарат жақсы көмектеседі. Бұл израильдік ғалымдармен бірге жаңа технологияларды қолдана отырып жасалған бірегей өнім. Өнімнің белсенді құрамы шеп сығындылары мен коректік заттардан тұрады. Олар ерлердің урологиялық ауруларын емдеу кезінде өте жақсы әсер береді.

«Уропротектор» простатит, аденома, зәр шығару жүйесінің бұзылуы, импотенцияны емдеуде сәтті қолданылып жүр. Бұл кешенді препарат қабыну процестерін жояға, жұмсақ тіндердің ісінуін басуға, микроорганизмдерді өлтіруге,сондай-ақ,зәр шығару мен жыныстық белсенділікті қалпына келтіруге арналған.

Препаратты қабылдай бастағаннан кейін бір аптадан соң осы уақытқа дейін мазалаған жағымсыз сезімдер, ауырсыну және зәр шығару кезіндегі ауырсыну сезімі жоғалады. Емдеу курсынан кейін кіші жамбаста қан айналым процестері дұрысталады және қуық асты безінің,қуық пен уретраның жұмысы қалпына келеді. Сонымен қатар,«Уропротектор» гормоналды деңгейді қалпына келтіруге көмектеседі. Ал бұл эректил қызметті жақсарта отырып,простата аденомасының дамуына жол бермейді.

«Уропротектордың» бірегей құрамының арқасында препарат бос радикалдардың мөлшерін азайтуға көмектеседі,осылайша қуық асты безі қатерлі ісігінің дамуына жол бермейді.

«Уропротектор» – жағымсыз урологиялық аурулардан арылуға және қалыпты жыныстық өмірді қалпына келтіруге көмектеседі!



Мұратхан ОРАЗБАЕВ, Орал қаласы:

– Сәлеметсіздер ме? Жақында ғана мен простатитті емдеуге арналған «Уропротектор» деп аталатын дәрі сатып алдым. Оны қолданғаннан кейін осы препаратқа қатысты нақты бір пікір пайда болып,сіздермен бөлісуді жөн көрдім. Алдымен сіздерге ауруым туралы қысқаша айтып өтейін. Мені бірнеше жыл бойы простатит ауруы мазалап келді, көбіне ауру қыста асқынып кететін. Шап аймағында және зәр шығару каналында ауырсынулар пайда болып, үнемі ыңғайсыздық мазалайтын болды. Осы уақыт аралығында қаншама дәрі қабылдап көрдім. Кейбір дәрі-дәрмектерден пайда болды, бірақ екінішке орай әсері ұзаққа созылмады. Ал "Уропротекторды" қабылдағаныма 2 ай болды. Осы препаратты қабылдағанның нәтижесінде аурудың барлық белгілері кетті. Қазір өзімді жақсы сезінемін. Осыған дейін мазалаған ыңғайсыздық та сезілмейді және төсек қатынасы да қалпына келді. Айтарым, осы өнімге толықтай көңілім толды. Баршаңызға зор денсаулық тілеймін, сау болыңыздар!

RU.77.99.11.003.E.004447.10.18 09.10.2018 ж. БҚБ дәрілік зат болып табылмайды.

Құрамындағы негізгі белсенді заттар: препараттың құрамында химиялық компоненттер жоқ.
Дозасы және қабылдау әдісі: қабылдау ұзақтығы 1 айдан жоғары.
Қарсы көрсеткіштер: компоненттерге жеке төзбеушілік.

Мына телефон арқылы кеңес ала аласыз және «Уропротекторға» тапсырыс бере аласыз: 87059261837 немесе uroprotector.kz сайты арқылы.

Егер сіз облыстық «Jetisý» газетіне құттықтау, еске алу, жарнама, мақала, хабарландыру бергіңіз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз:
Талдықорған:
8 (7282) 40-20-69,
Ұялы тел.:
8 775-355 -89-58,
8 747-410-69-09.
Алматы: 8 (727) 279-13-37,
Ұялы тел.:
8 747-688-17-41.
Электронды пошта:
Jetisu2002@mail.ru
Jetisu_almaty@mail.ru

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09,
Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 8 747 688 17 41,
Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — 8-777-388-57-77, Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Іле және Қарасай аудандары — 8-701-347-60-32, Қапшағай қаласы мен Еңбекшіқазақ ауданы — 8-701-212-00-96, Жамбыл ауданы — 8-701-254-97-55, Талғар ауданы — 8-701-400-28-49, Райымбек, Кеген және Ұйғыр аудандары — 8-775-323-08-50
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Қажет АНДАС

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 5 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп,беттеледі.
Газет аптасына үш рет – сейсенбі,бейсенбі,сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: **87773880990**

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

Газет Талдықорған қаласы,Қабанбай батыр көшесі,32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 1219
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 30 110, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы — 20 010. Индексі – 65469.

Ценности, вдохновляющие нас



Ведущая – Мадина ДАЛЕКЕНОВА

Буквально вчера моя старшая дочь Тахмина попросила меня: «Мама, расскажи мне об идее Елбасы Нурсултана Абишевича Назарбаева «Мәңгілік ел». Это домашнее задание по казахскому языку». Честно говоря, изначально для меня было непонятно, зачем одиннадцати-двенадцатилетним мальчишкам и девчонкам знать об этом, не рано ли?! Но чуть позже, когда я «переварила» в голове эту информацию, поняла, что мы уже должны понемногу рассказывать детям о политике, идеологии нашей страны. Естественно, на простом, понятном для них языке.

Вот так мы постепенно передаем нашу страну со всей ее историей и культурой подрастающему поколению, которое будет руководить Казахстаном и вкладывать все свои силы для его процветания. И так по цепочке, из поколения в поколение. Именно тогда, как и предполагал Лидер нации, выдвигая идею «Мәңгілік ел», Казахстан будет вечно существовать на политической карте мира. Ведь она есть вдохновляющая составляющая нашего народа, цель которой объединить все то, что у нас есть: независимость, богатую историю, культуру, язык и многонациональность. Все эти ключевые ценности должны вдохновить каждого из нас на смелые поступки, на грандиозный прорыв и на светлое будущее!

E-mail: ogni_alatautald@mail.ru, тел.: 8 (7282) 40-20-47.

ТАЛАНТЫ

Человек-оркестр Ерлан Жотабаев

Именно так и никак иначе! А как Вы назовете человека, в багаже которого 27 авторских, в основном патриотических песен?! Одна из них, «Тәуелсіз Елім», впервые прозвучала в авторском исполнении в день 30-летия независимости Республики Казахстан.

Василий ВОРОБЬЕВ, Алакольский район

Просто сказать о художественном руководителе районного Дома культуры имени Зейнеп Койшибаевой Ерлане Жотабаеве как о талантливом человеке - значит, ничего не сказать. Играет на клавишных инструментах («Ямаха»), домбре и бас-домбре, ритм и бас-гитарах, ударных инструментах. Просто человек-оркестр. Кроме того, он солист ансамбля и студийный звукорежиссер (современная аранжировка песен). Мало кто знает, но именно Ерлан является автором гимна Алакольского района и гимна молодежи Алаколя.

Талант молодого композитора и исполнителя уже оценен достаточно высоко. В республиканском конкурсе авторской песни, который состоялся в честь 100-летия Динмухамеда Конаева, алаколец занял призовое третье место. В районном конкурсе композиторов за ним заслуженный гран-при. В номинации конкурса Алматинской области «Үздік мәдениет қызметкері» Ерлан Жотабаев занял первое место и получил сертификат на 100000 тенге. А дипломов, почетных грамот и приветственных адресов от акимов Алматинской области и Алакольского района - не один десяток. Ведь ни одно торжественное мероприятие, ни одна концертная программа в районе не проходят без его активного участия.

Вот что говорит о своей «правой руке» директор районного Дома культуры имени Зейнеп Койшибаевой Отан Смагулов. «Я знаю Ерлана со второго класса школы-интерната города Ушарала. В то время я работал директором музыкальной школы и приметил талантливого мальчишку, он занимался в нашей школе по классу домбры. Стал его наставником, следил за его жизнью. Так вот и трудимся вместе последние 30 лет, что, согласитесь, символично в год 30-летия Независимости Казахстана. Причем, почти 20 лет Ерлан является бессменным художественным руководителем Дома культуры, что говорит не только о его таланте, но и о коммуникабельности, умении работать с коллективом, в котором он пользуется большим и заслуженным уважением».



Что еще сказать о нашем герое... Биография проста, как и у сотен алакольцев. Родился он в городе Ушарале, учился в школе-интернате, затем в эстрадно-цирковом колледже города Алматы. А уже потом, работая в Доме культуры, окончил заочно факультет культуры Шымкентского государственного университета. Но дипломы – это лишь приложение к природному таланту, неустанному творческому поиску, огромному трудолюбию, что и позволяет Ерлану Жотабаеву творить, даря землякам прекрасные произведения.

Все хорошо у него и в личной жизни. Супруга Сая работает на противочумной станции. В семье растут трое детей. Как шутит сам Ерлан, в детстве они пели, танцевали и пытались играть на домбре. Но подросли и пока никто не изъявил желания пойти по стопам отца. Правильно говорят в народе, что талант или есть, или его нет. Третьего не дано.

Ну, а пока художественный руководитель Дома культуры имени Зейнеп Койшибаевой Ерлан Жотабаев уже работает над новогодней программой, а там уже не за горами и празднование Наурыза, к которому программа будет и интереснее, и обширнее.

ВЫСТАВКИ

Жетысу – возрождение Шелкового пути

Накануне Дня Первого Президента РК в Выставочном комплексе г.Талдыкоргана прошел этнофестиваль ремесел «Жетысу - возрождение Шелкового пути».

Мурат ТУГАНБАЕВ

Праздничный форум мастеров прикладного искусства был приурочен также к предстоящему празднованию 30-летия Независимости РК в русле реализации программы Лидера нации Н. А. Назарбаева «Рухани жаңғыру». Организатором мероприятия выступило ОО «Алтын Адам Жетысу шеберлер орталығы».

Открытие мероприятия было запланировано на 11.00, однако уже задолго до этого стали собираться люди, с интересом рассматривая товары, предложенные мастерами. Здесь были широко представлены традиционные казахские изделия из кожи, войлока, ювелирные украшения из серебра, седла и многое другое. По подиуму неспешно ходили модели, демонстрируя присутствующим оригинальные образцы одежды, сочетающие в себе традиционные казахские элементы с самыми смелыми современными тенденциями.

Мы же успели до начала торжественной части мероприятия пробраться за сцену и взять небольшое интервью у председателя ОО «Алтын Адам Жетысу шеберлер орталығы» Динары Бакировой.

Динара Сериковна поведала корреспонденту «Огней», что, несмотря на то, что общественное объединение создано совсем недавно, всего около девяти месяцев назад, уже проведено несколько подобных выставок. Нынешняя собрала не меньше 30 мастеров прикладного искусства:

- В Казахстане проживает более 130 этносов. И наша цель – это возрождение уникального культурного кода, обычаев, традиций нашего народа. Судьбы всех этносов нашей страны переплетены тысячами неразрывных нитей. У меня самой дочь – кореянка, в моей семье есть и русские, и татары. И наша задача – передать это достояние дружбы и единства следующим поколениям. Мы должны развивать отечественное производство. Будут развиваться ремесла – будет развиваться туризм. А дети будут уверенно смотреть на мир нашими глазами.

Собеседница вспомнила о том, что первая выставка была организована при поддержке областного управления туризма в заповедной зоне на Кольсайских озерах, следующая – в Ескельдинском районе, затем – в Текели... А когда посольство США в Казахстане совместно с НПП «Атамекен» запустили совместный проект по поддержке ремесленничества и женского предпринимательства «Born nomad» шесть мастеров от нашей области представили казахское национальное искусство в г. Туркестане. И теперь ковер, выполненный руками мастериц «Алпамыса», висит на стене посольства США в Казахстане.

На данный момент в молодой организации около 150 ремесленников из области, 30 мастеров с особыми потребностями и 32 искусных шебера ТОО «Город мастеров» южной столицы. Важнейшим направлением работы ОО стало социальное предпринимательство.

- С ОО «Ассоциация родителей по опеке детей-инвалидов «Алпамыс» мы заключили меморандум и оказываем им поддержку, - отметила также Динара Сериковна. По ее словам, ныне у ремесленников нет как такового юридического статуса, поэтому цель ОО «Алтын Адам Жетысу шеберлер орталығы» не только консолидировать как можно большее количество мастеров прикладного искусства, но и помочь этим людям с определением их юридического статуса.

- Наши традиционные ремесла нуждаются в поддержке государства. Необходима специальная площадка для развития. Мы просим открыть обучающие центры, где наши мастера могли бы обучать всех желающих видам национальных ремесел, - в завершение нашей короткой беседы отметила председатель ОО «Алтын Адам Жетісу шеберлер орталығы».

Тем временем на сцене с приветственной речью к собравшимся обратились в видеоприветствии Ананд Кришна, руководитель отдела по связям с общественностью Генерального консульства США в Казахстане и казахстанская актриса Альмира Турсын. Также выступили депутат областного маслихата, председатель Регионального совета деловых женщин Алматинской области Римма Салыкова и первый заместитель областного филиала партии «Nur Otan» Гульнар Тойлыбаева. Затем по старой доброй традиции бата зачитал аксакал Серик Бакиров.

Мы остановились рядом со сладостями, которые продавали женщины из ОО «Другая жизнь». Рассказывает Камилла Ситасманова:



Фото Руслана КАДЫРОВА.

- Наш ОФ занимается тем, что улучшает качество жизни детей с аутизмом. Согласно статистике, с каждым годом таких ребятишек становится больше. На данный момент мы - единственный подобный фонд в регионе. Стараемся развивать инклюзию: наши детки посещают школу и получают те виды реабилитации, которых раньше не было. Мы предоставляем услуги по сенсорной интеграции, адаптивной физкультуре, работает ритмико-творческий кружок. Сегодня мы представили «вкусную» продукцию, которая сделана руками наших мамочек в поддержку нашего фонда.

Также мы познакомились с Ауесхан Мажай. Бабушке 71 год. Несколько лет назад переехала на историческую родину из Китая. С юности занималась рукоделием и сегодня она руководит ИП, производят казахскую национальную одежду, корпе, ковры из войлока. Заказов пока немного, но они есть. И сейчас бабушка передает свои знания семи подрастающим внучкам.

А вот Жаркын Сауганбаева, швея из поселка Жансугуров Аксуского района, тоже с детства приучена к рукоделию. По окончании училища решила освоить курсы модельеров. Сама придумывает и кроит наряды. В ее ИП, кроме самой Жаркын, еще три мастерицы. Платья с национальными орнаментами, как выражается наша героиня - «шапанки», пользуются особым спросом среди модниц. Кроме платьев, делает также женские головные уборы.

- Так хочется, чтобы молодежь не забывала наших традиций. Ведь это наше национальное достояние, которое мы обязательно передадим потомкам! – уверена модельер из Аксуского района.





Наш электронный адрес: ogni_alatautald@mail.ru, 87073900990 (WhatsApp)

Учредитель: Акимат Алматинской области

Собственник: ТОО «Өлке тынысы» Директор – Мейрам ЖАНАДИЛОВ Тел. приемной директора: 40-20-71

Главный редактор – Атсалим ИДИГОВ

Газета выходит три раза в неделю: во вторник, четверг, субботу. Газета поставлена на учет в Министерстве по инвестициям и развитию Республики Казахстан, в комитете связи, информатизации и информации. Регистрационный номер №15724-Г. от 04.12.2015 года.

Адрес редакции в Талдыкоргане: 040000, ул. Жумахана Балапанова, 28. Приемная главного редактора 40-20-43, зам. гл. редактора 40-20-45, 40-20-46, секретариат 40-20-47, корреспонденты 40-20-54, 40-20-56, 40-20-58, прием рекламы и объявлений – 40-20-62, 8 705 814 72 21.

Адрес корпункта в Алматы: 050000, ул. Желтоксан, 112, 5 этаж, каб. 506, телефон: 8 701 321 57 50.

Телефоны: корреспонденты – 279-34-64, прием рекламы и объявлений – 279-13-03, e-mail: ogni_alatau@mail.ru.

Телефоны собкоров: в Ушарале – 2-13-82; в Каскелене – 8 747 563 61 18; соб. корреспондент по Панфиловскому и Уйгурскому р-нам – 8-72831-5-88-22, 3-20-08.

Телефон доверия по вопросам противодействия коррупции: 87773880990

Набрано и сверстано в компьютерном центре газеты «ОГНИ АЛАТАУ»

Дежурный редактор Андрей ЯРОПОЛОВ

Мнения автора материала не всегда совпадают с мнением редакции. За достоверность рекламы ответственность несет рекламодатель.

Отпечатано в типографии «Офсет» филиала АО «Алматы-Болашак». г. Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 32. Общий тираж издания ТОО «Өлке Тынысы» 30110, в том числе тираж этого номера газеты «Огни Алатау» 10100. Заказ №1218 М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҒҰМЫРНАМАЛЫҚ ХИКАЯТ

СОҒЫМ, СЫБАҒА, КӘРІ ЖІЛІК

Бала күнімізде соғым күздік және қыстық деп екі рет сойылатын. Күздік соғымды үлкен үй, ал қыстық соғымды отау үйлер соятын. Соғым сойылатын үйге ауылдың үлкен-кіші, бала-шаға, келін-кепшік түгелімен жиналатын. Ағайын-туыстың басы қосылып, кішігірім мереке болатын. Үлкендер ел мен жердің, мал мен шаруаның жайын айтып, бір құнап қалса, балалар құмарымыз қанғанша ойнайтынбыз. Әдетте тентек қылығы үшін шешеміз тарапынан жиі жазаланатындардың бағы соғым сойған күні оңынан туады. Өйткені, ата-әжеміз бар кезде олар бізге шектеу, тектеу шараларын қолдана алмайтын. Егер әкелеріміз тәртіпке сала бастаса, аталарымыз жай ғана суық қабағын көрсетсе, теріс айналып кете беретін. Ал, абайсызда шешелердің қолына түсіп қалып, үйдің артындағы қалқаға сүйреліп барып, жазаланып жатқаныңды көзі шалып қалған әжелеріміз:

– Ей, келін, даладан тауып келіппе едің? Тиме балаға, ойнай берсін деген бір ауыз сөзбен еркіндік әперетін. Бұл әке-шешеміздің ата-әжелерімізден қорыққаны емес, сыйлағаны еді. Қазір ата-әжелеріміз бұл өмірде болмаса да, олар бізді өзінің баласы деп айтудан именеді. Өкініштісі, қазір кейбір әкенің билігі ұлына, әжеміздің күші келіндеріне жетпей жүр.

Біздің үй бір ауылдың қара шаңырағы болғандықтан күздік соғымды бірінші біз соятынбыз. Соғымға арнап жаз бойы судың тұнығын ішкізіп, шөптің сонысына жайылған ең таңдаулы жылқы бізге бұйырады. Атам марқұм бата беріп, көкке, жерге, отқа май шашып, аруақтарға арнап тілек тілеген соң ендігі міндетті жастарға береді. Әр ауылдың соғымға арнаған жылқыны бауыздайтын, терісін сыпыратын, етін жіліктейтін меншікті жігіттері мен ішек-қарнын тазалап, қазы айналдыратын келіндері болады. Жастар жағы су қайнатып, отын дайындап, жеңіл-желпі жұмыстармен айналысады. Егер соғымның терісін сыпырып жатқанда теріге бармақтай ет кетіп қалса, жіліктегенде әр сүйектің етін ауыстырып алса, қазыны дұрыс айналдырмаса немесе ішек-қарын таза жуылмаса, сөгіс алатын. Қазір ойласам, соның бәріептілік, ұқыптылық, жауаптылық, тазалыққа тәрбиелеу екен ғой.

Жастардың жұмысын сырттай бақылап отырған үлкендер бөренеден кесіп жасаған ағаш орындықтарды айнала отырып, елдің шежіресін, тарихи тұлғалар жайлы аңыз-ертегілерін айтып, қисса-дастандардан үзінді оқитын. Әзіл-сықақ, қағытпа-қалжың, эротикалық әңгімелерде айтылатын. Осындай кезде әкем көк дәптері мен қара қарындашты қолыма ұстатып, үлкендердің айтқан әңгімелерін жаздырып қоятын. Емін-еркін асыр салып, ойнап жүрген қатарластарыма қарап-қарап қойып, еріксіз жазуға кірісетінмін. Сол көк дәптердегі шимайларымды әлі күнге сақтап келемін. Аса бір құнды дүниелер болмаса да, аталарым айтқан әңгімелердің жинағы ғой. Қазір сол дәптерден артық қымбат дүние жоқ. Ойынға елігіп, жазудан жалыға бастасам әкем:

– Бұлар ойынды ұмытқанда, сен дүниені шарлайтын боласың, – деп алдаусырататын. Расын да, қазір сол балалар үйкүшік болды да, мен үйде көп тұрмайтын жиһанкез атандым.

Соғым сойылып біткен соң жігіттер атамды шақыратын. Ол кісі қуырдаққа істететін және сол күні асылатын етті бөліп қазанға салып, соғымның кәрі жілігін сол үйдің келініне тапсырып, қалған етті әр үйге жіліктің реті бойынша, «Сыбаға» деп үлестіретін. Балаларды айналасына жинап алып, әр сыбағаның орны мен маңызын бір-бірден түсіндіретін. Табақ тартудың жолдарын айтатын. Сосын өзіне тиесілі сыбағасын алған адаммен қос қолдап амандасатын.

Не көрсе, соны сұрай беретін баламын ғой:

– «Сыбағаны» неге атам ғана таратады, – деп сұрайтынмын.

– Ерте, ерте, ертеде (әкелеріміз әңгімесін осылай ертегіге айналдырып айтатын. Оның себебін енді біліп жатармыз ғой) ғұн деген елде Қыдыр ата деген кісі болыпты. Соғыстан түскен олжаны Қыдыр ата барлық елге теңдей бөліп береді екен. Атаның бір саусағы буынсыз жаратылыпты. Буынсыз саусағын сезінген адамға бақ қонып, дәулет дариды. Қыдыр атаның қасиеті сол ауылдың жасы үлкен болмаса аузы дуалы үлкен ақсақалына қонатын көрінеді. Біздің ауылда Қыдыр қонған кісі атаң болған соң сыбағаны сол кісі үлестіріп, қос қолдап амандасады, – деп түсіндіретін.

Ол кезде ғұндар дегенді қайдан білейін. Түсінген болып басымды изектей беретінмін. Қазір ойласам, ғұндардың сол ұлы құндылығы Еділ патшамен бірге Еуропаға барып, берекенің бастауына айналған сыңайлы. Бір сөзбен айтқанда, кезіндегі көшпелі халыққа мейірімділікті, көпшілдікті, береке-бірлікті, молшылықты үлгі еткен Қыдыр ата Еуропаға барған соң Аяз ата болып аталып кеткен сияқты. Сондықтан балаларға сауға ұсынатын Аяз атаның орнына Қыдыр атаны ауыстырған жөн деген пікірдемін. Бұл саналық тұрғыдан балалардың танымтүсінігін тереңдетіп, ұмыт болған ұлттық құндылықты ұқыптауға септігі болар еді.

«Сыбаға» үлестіріліп, ет желініп, көпшілік үйді-үйіне тарағанда ауыз үйге ілінген бақанымызда шамалы ғана ет қалатын. Бірақ, келесі жолы соғым сойған үй үлкен үйдің сыбағасын кезектесіп әкеліп тастағанда әлгі соғымның еті қайта жиналып қалатын. Қазір бұлай істеу қайда? «Сыбаға» дегенді де ұмыттық қой.

Сыбағаның менің жадымда мықтап сақталуына себеп болған тағы бір жағдай болып еді.

Атам тірі кезінде әр жылғы соғымның бір жамбасын әбден сүрлеп, келесі соғым сойғанға дейін сақтап қоятын.


Шешемізден:

– Бұл етті қашан жейміз, – деп сұрасақ,

– Ұзын сары келгенде жейсіңдер, – деп қана қоятын. Бұл әдет атам қайтыс болғаннан кейін де сақталды.

1979 жылы маусым айының орта шені біздің үйге жүдеу жүзді, ұзын бойлы, ақсары кісі кіріп келді. Өмірдің ащы-тұщысын көп көргені – жадау жүзі мен тілінген алақанынан, айналасын өжім ізі тереңдей түскен, көз шанағынан анық білуге болатын. Сұңғақ бойы сәл бүгілгені болмаса, жас кезінде жігіттің сәрісі болғаны білініп тұр.

– Омарақын зәңгінің үйі осы ма? – деп сұрады.



– Иә, осы. Көкем өмірде жоқ, – деді әкем.

– Ендеше, үйге келген екенмін, – деді де, "Кіріңіз" дегенді күтпей-ақ төргі үйге енді.

– Мен Ырысбекпін, – деп таныстырды өзін.

Әкем де, шешем де аң-таң болып, сілейіп тұрды да қалды. Көздерінен ытқып кеткен тамшыны сездірмеуге тырысты.

– Сіз тірі ме едіңіз? – деді әкем.

– Тірімін.

Үйде абыр-сабыр басталды да кетті. Шешей дастарқан жайып, кебежедегі бар тәттідәмдісін дастарқанға салды. «Ұзын сары келгенде жейсіңдер» дейтін соғымның жамбасы мен қос қазы да қазанға түсті. Қарындағы сары майдың тортасы айырылып, майға шыланған тары да дастарқанның ортасына орнықты. Бауырым мәз: «Ұзынсары» деген осы кісі ме? – деп қояды маған. "Ұзынсарының" не екенін мен де білмейтінмін.

Үлкендермен дастарқан басында қатар отырып, тамақтануға дәрежесі жететін ағам мен әпкемнен басқа бесеуміз ауыз бөлмедегі кішкентай үстелге жайғастық. Жер ошаққа от жағып, қазан асылды.

Төргі үйде күбір-сыбыр әңгіме басталды. Біздің әулеттің балаларды үлкендердің кеңесіне жақындатпайтын әдеті болушы еді. Оның да өзіндік себебі, ащы ақиқаты бар. Жиі-жиі мұрындардың пысылдаған дыбысынан аса бір күлкілі әңгіме айтылмағанын қу ішіміз сезіп отырды.

...Ырысбек атамыз біздің үйге осылай келді.

Ол кісі атамның қанды көйлек досы, қарулас жолдасы болып шықты.

... Ырысбек атамыз 1938 жылы арғы бетке қашып өткенде Қазақстанда жалғыз қызы қалады да. Соны алып кету үшін он екі рет шегара бұзады. Бірақ әр келген сайын қуғын түсіп, қызын таба алмай қайтып кетіп жүреді. Соңғы рет 1958 жылы он үшінші рет арғы жақтың шегарашыларының құрығына түсіп, жиырма жылға сотталып, Қытайдың аты шулы Тарым лагеріне кетеді. Ол кісінің туыстары 1960 жылдары Қазақстанға көшіп кеткендіктен, тірі оралса өзін бір іздеп келетінін білген атам досының сыбағасын осылай он бес жыл сақтап жүрді. Атамның өмірден өтер кезде тапсырған аманатын шешем бес жыл атқарды.

Содан кейін Ырысбек атам бізбен бірге екі жыл тұрды. Сонда талай қызықты әңгіме айтушы еді. Жүріп өткен жолы, жер аттары, Іл Алатауының бөктер-бөктері, ұры жолдары, тау мен өзен аттарын сөз ететін. Елге оралып, журналистік іссапармен Кетпен тауларын аралағанда сол әңгімелер есіме қайта оралып, Ырысбек атам айтатын жер атауларының әлі күнге өзгермегенін көрдім. Тіпті, мен білетін тарихи оқиғалар мен жер жағдайын жол бастап жүрген жергілікті жігіттерде көп білмейтін болып шықты. Елге оралғаннан бергі жолымның дұрыс болғаны да сол атам сақтаған «Сыбағаның» қасиетінен шығар деп ойлап қоямын. Өкініштісі, бүгінде «Сыбағаны» сақтап қою былай тұрсын, әкенің аманатын ескермейтін ұл, атаның сақалына жармасатын келін көбейіп барады.

Атамның соғымның кәрі жілігін сол үйдің келініне табыстайтынының да терең мағынасы бар екен. Кәрі жілік Наурыз көже жасаған күні асылатын бағалы сүйек. Соғымның кәрі жілігін Наурыз көжеге дейін сақтаудың себебін атам Наурыз мерекесінің шығуы туралы қызықты аңыз арқылы түсіндіріп еді.

...Осыдан бірнеше мың жылдың алдында тау басына қоныстанып, малмен тіршілігін қамдап отырған бір тайпа ел болыпты. Сол тайпаны ауызына қаратқан Наурыз атты әже болған екен. Бір жылы қатты жұт болып, мал қырылып, тайпа адамдары қытымыр қыстан көктемге үздігіп әрең шығыпты. Көктем келіп, тоң жібіп, малдың аузы көкке ілінген бір күні Наурыз әже тірі қалғандарды жинап, ортаға үлкен тай қазанды әкеліп, кеңес құрып:

– Ертең әркім үйінде қалған тамағын әкеліп осы қазанға салатын болсын, - деп бұйырыпты.

Үлкеннің айтқанынан шықпайтын ежелгі әдет бойынша әркім үйінде қалған тамағын тай қазанға салады. Оны санап көрсе 7 түрлі дәмнен тұрыпты. Соның ішіндегі көзге көріктісі Наурыз әженің қысқы соғымынан алып қалған жылқының кәрі жілігі мен төрт жапырақ майлы ет екен.

Сонымен жұрт жиылып кәрі жілік пен жеті түрлі дәмді қазанға салып, төрт жапырақ етті қазанның төрт құлағына қойып, көже жасапты. Бір қызығы, бір қазан көжені тайпадағылар бір ай ішіпті, ал кәрі жіліктің еті бір ай бойы желініп бітпеген екен. Сол жылы ел ырысы шалқып, қойлар өгізден қоздап, ірі қара қоңданып, құлын біткен арғымақ болып өсіпті. Осыдан былай жұрт жылдың басын ырымдап, осылай қарсы алатын болыпты. Біртебірте ұлыс болып қарсы алатын мерекеге айналыпты. Бұл ырысты Наурыз әже бастағандықтан мерекені әз Наурыз деп, кәрі жілікті бас сүйек, 7 дәмнен тұратын көжені «Наурыз көже» деп атап кетіпті.

Бұл тайпадағы берекелі тірлікті көрген көрші тайпалар да уақыт өте Наурыз әженің жолын ұстап, Наурыз мерекесін тойлайтын болыпты...

Наурыз мерекесі қазірде тойланады. Бірақ соғымнан сақталған кәрі жіліктің әр қазанда қайнап жатқанын көп көрмеймін. Кейде біздің берекесіздігіміздің өзі аталарымыз салған сара жолдан алыстап кеткенімізден бе деп ойлап қаламын.

...Аталарымыз біз сияқты көпқабатты үйде отырған жоқ. Тіпті, табақтай-табақтай қызыл дипломы да болған жоқ. Солайда ел мен жұрттың, ағайын-туыстың, бауырластардың сыйластығын жалғастыратын ұлы жолдарды қалыптастыра алды. Ал біз орайы келгенде берекені бүлдіріп, әліміз жетсе ынтымақты бұзып, қапысын тауып, қан қақсататын әзәзілдікке әбден дәнігіп алдық. Өзімізбен қоймай, балаларымызға үйретіп жатырмыз. Бұл заманның бұзылғаны ма, әлде, адамның бұзылғаны ма?

Әкем: «Атаңнан алты батпан оздым десең де, жеті батпан жетпей тұрасың» дегені жиі айтатын. Өркениетті ел боламыз деп жан ұшырып жүрміз-ау, өркениетті қазақ бола аламыз ба? Жоқ па? Сол жағын, ойланатын уақыт келген сияқты.

Алдымен қазақ болуымыз керек.

Қажет АНДАС,
өлкетанушы.